



Будьте в курсе городских событий \*Еще больше новостей\* Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в sarangazeti sarangazeti

## ТАЛДИНСКИЙ КАЗАН, ЗАГАДОЧНЫЕ ТИГРОГРИФОНЫ: УНИКАЛЬНЫЕ НАХОДКИ ОБНАРУЖИЛИ АРХЕОЛОГИ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

gov.kz

Артефакты раннего железного века, которым предположительно порядка 2500 лет, показали в Караганде. Удивительные находки обнаружены при раскопках одного из курганов на территории Талдинского историко-археологического парка в Шетском районе.



Археологические экспедиции в сакральном месте проводятся при содействии Центра по сохранению историко-культурного наследия. Исследования финансирует областное управление культуры, архивов и документации.

Нынешний полевой сезон подарил находки, которые могут перевернуть представление о прошлом ранних кочевников Сарыарки. Массивный

бронзовый котёл, наполненный остатками железа и загадочными бляхами, нашли в одном из курганов в районе могильника Кызылжартас. Тайны этих артефактов предстоит ещё раскрыть.

По внешним признакам курган походил на сооружение поздней бронзы: крупные камни кольцом, но в центре не было погребения. Когда раскапывали, сначала показался край

какого-то объекта. Сначала абсолютно не представляли, что это такое. Потом полностью очистили круг. Углубившись, поняли, что находка уникальная, – рассказал руководитель археологической экспедиции Карагандинского университета имени академика Е. А. Букетова, ведущий научный сотрудник Сарыаркинского археологического института Игорь Кукушкин. – В Центральном Казахстане до сих пор ничего подобного не находили.

По своим морфологическим признакам котёл аналогичен артефактам, обнаруженным в Семиречье.

Вес Талдинского казана – 25 кг, диаметр – 41 см, высота – 34 см.

Характерные особенности – это три коленчатые ножки. Обычно они завершаются копытцами или лапами животных. В этом случае сохранилось только одно копытце. Котёл сильно закопчен. Это говорит о том, что в нём готовили еду. Интересно, что внутри оказалось много железа и бронзовые изделия. Видимо, это предметы конской сбруи.

Кроме блях и пуговиц, зооморфные изображения – фигуры лошади, хищника, которого мы назвали тигрогрифоном. Есть предположение, что остатки железа являются лошадиной маской, – пояснил Игорь Кукушкин.

Для проведения реставрационно-



консервационных работ в Караганду пригласили известного специалиста – основателя лаборатории «Остров Крым» Кырыма Алтынбекова. Содержимое котла изучили с помощью цифрового рентгена и только потом начали бережно извлекать предметы. Чтобы пролить свет на историю, предстоит ещё множество исследований. Радиоуглеродное датирование поможет определить точный возраст артефактов. Образцами для анализа послужат нагар на котле и сопутствующие материалы. Исследования будут проводиться в зарубежных лабораториях.

Мы сотрудничаем с коллегами из Польши, Литвы, Ирландии, Румынии, Венгрии: у них есть нужная аппаратура и большой опыт. В первую очередь определим датировку, потом узнаем другие детали. Всё это займёт время, – отметил Игорь Кукушкин.

В Талдинском парке это не единственные находки. В другом кургане обнаружены ножи, кинжалы, наконечники каменных стрел и другие древние предметы быта.

### БІЛІМ



## ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮЗДІГІ!

### Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

ЖУЫРДА САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ №9 АРНАЙЫ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНЫҢ ТӘРБИЕШІСІ ШПАННАГЕЛЬ ЛИДИЯ ИГОРЕВНА ҮЗДІК ЕҢБЕК ӘУЛЕТТЕРІН ЖӘНЕ ӨНДІРІС ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІН АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНЕ ҚАТЫСЫП, «ӨНДІРІСТІҢ ҮЗДІК ЖАС МАМАНЫ» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ.



туылған. Туып-өскен жері осы Саран шаһары. Тұрмыста.

Лидияның «тарьдай болып кіріп, таудай болып шыққан» алтын ұя мектебі - Саран қаласының №17 жалпы білім беретін мектебі. Қазіргі уақытта аталмыш оқу орны «№17 мектеп-гимназиясы» деп аталады. Осы оқу орнын жақсы бағаға тәмамдап шыққан соң, ол 2014 жылы қазіргі Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне «Дефектология» мамандығы бойынша грантқа оқуға түседі. Жастайынан оқуға зерек болып өскен қыз, 2018 жылы ҚарУ-ды да қызыл дипломмен аяқтап шығады. Оқуын тәмамдай салысымен Лидия осы Саран қаласындағы №9 арнайы мектеп-интернатты тәрбиеші болып жұмысқа орналасады. Міне, осылайша ол 4 жыл қатарынан аталған мектеп-интернаттың жұмыс жасап келе жатқан жайы бар.

Иә, уақыт бір орында тоқтап тұрған жоқ, оқу саласында біршама жаңалықтар орын алып, заманауи технологиялар енгізілуде. Осындай жағдайларда көштен қалмау үшін, кез келген ұстаз «заманың түлкі болса, тазы боп шал» демекші, икемді және жаңа идеялар

мен білімге ашық болуы тиіс. Бұл тұста заманның көшіне ілесу Лидия Шпаннагельдің қолынан келе алды деуге болады.

Жұмыстың үшінші жылында ол өз санатын педагог-модераторға дейін көтерді және мұнымен тоқтап қалмақ емес. Өзінің айтуына карағанда Лидияны балалардың ішкі әлемі қатты қызықтырады, оған балалардың жетістіктерін, олардың өсуін бақылаған ұнайды.

Оның жетекшілігімен мектеп-интернаттың оқушылары мектептен бастап республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, дипломдармен, естелік сыйлықтармен марапатталып жүр. 4 жыл бойы мектеп-интернаттың тәрбиешісі болып жұмыс істей отырып, Лидия Игоревна өзін ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлес қосып жүрген мұғалім ретінде таныта білді.

Мектеп, облыс және республикалық деңгейдегі мақтау қағаздарымен, дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталған. Бүгінгі таңда «Еңбек жолы» байқауының облыстық кезеңінде «Өндірістің үздік жас маманы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, енді Республикалық сайыста Қарағанды облысының намысын қорғайтын болады.

Лидия саяхаттағанды ұнататын көрінеді. Қазіргі уақытта ол Германия, Италия, Швейцария, Чехия, Нидерланд, Монако, Княздігі, Франция, Польша, Түркия, Украина, Ресей және т. б. оннан астам мемлекетке саяхаттап үлгеріпті.

«Саяхаттау арқылы сіз көптеген жерлерді, әртүрлі елдерді аралап, көптеген адамдармен танысасыз, сонымен қатар, жалпақ әлемді жайлаған гажайыптарды өз көзіңізбен көріп, газсан сезімге бөленесіз», - дейді Лидия Шпаннагель.

Оның екінші бір ұнататын ісі – адамдарға әдемілік сыйлау. Сырт келбетіңізді сәл өзгеріске ұшырату - апатия мен жаман көңіл-күймен күресудің ең қолжетімді әрі ең тиімді әдістерінің бірі дейді кейіпкеріміз. Ол ара-кідік өз жақындарына тырнақ, көз, қас, қабақ, шаштарын сәндеумен айналысып тұратын жайы бар.

Бұдан бөлек Лидия фотосуреттер мен бейнероликтерге редакция жасаумен айналысқанды ұнатады. «Фотосуреттерді оңдеу және бейнероликтерді монтаждай білу менің жұмысымда да қажет-ақ, сонымен қатар ақпараттық технологиялар дәуірінде бұны білу – кімге де болса пайда әкелмесе, зияны жоқ», - дейді Лидия.

Лидияның тағы бір ұнататын ісі бар. Ол – өлең жазу. Себебі поэзия оны шабыттандырып, ерекше сезімге бөлейтін көрінеді.

Сонымен қатар, ол армандағанды ұнатады, ал армандар орындалады! Жас педагогы алдына қойған ең басты мақсаты - лайықты, адал және әлемді сүйетін адамдарды тәрбиелеу. Ендеше Лидия Игоревнаға алға қойған мақсаттарына жетіп, республикалық сайыстан сүрінбей өтуіне сәттілік тіледік.

Осылайша жерлесіміз аталмыш байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алып, онда Қарағанды облысының атынан қатысағын болады.

Лидия Шпаннагель 1997 жылы 13 ақпанда

## MEMLEKETTİK ҚЫЗМЕТ

## МҚІА: MEMLEKETTİK ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУДІҢ ЖАҢА ТЕТІКТЕРІ ӘЗІРЛЕНДІ

ҚР МҚІА Баспасөз қызметі

Бүгін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде Дархан Жазықбаевтың төрағалығымен 2022 жылдың бірінші жартыжылдықтың жұмыс қорытындысы бойынша мәжіліс өтті.



Жиынға Президент Әкімшілігінің өкілдері, Агенттіктің басшылығы мен қызметкерлері, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, Мемлекеттік қызмет персоналын басқару жөніндегі ұлттық орталық, сондай-ақ Агенттіктің аумақтық департаменттері бейнеконференцбайланыс арқылы қатысты.

Мәжілісте Агенттік қызметінің барлық бағыттары бойынша жұмыс қорытындылары талқыланып, жылдың соңына дейінгі міндеттер айқындалды.

«Агенттік ағымдағы жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында Мемлекет басшысы белгілеген стратегиялық міндеттерді іске асыру бойынша жұмыстар жүргізді.

Мемлекеттік аппаратты одан әрі кәсібилендіру Агенттік басымдықтарының бірі болып қала береді. Іріктеу жүйесін жетілдіру және мемлекеттік қызметтен «шығу» тәртібін жеңілдету жөніндегі жұмыс жалғасуда. Мемлекеттік қызметтегі кадрларды іріктеу мен ілгерілетуде меритократия қағидаттарына негізделген ашық, ең бастысы әділ жүйені қалыптастыру маңызды міндет болып отыр», – деді Агенттік Төрағасы Дархан Жазықбаев отырыс барысында.

Мемлекеттік аппараттың сапалық құрамын арттыруға қосымша жағдайлар жасау үшін халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде әкімшілік мемлекеттік қызметке іріктеу құралдарын дамыту жөнінде шаралар қабылдануда.

Осылайша, цифрлық және мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетіне тестілеуді, құзыреттер бойынша әңгімелесуді, эссе жазуды және бейінді тестілеуден өтуді қамтитын жаңа тәсілдер қарастырылады. Бұл ретте іріктеу процесінің ашықтығы мен клиентке бағдарлануы конкурстық рәсімдерді толық цифрландыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Кейбір лауазымдарға мемлекеттік қызметке кіру тәртібін жеңілдету қарастырылуда. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтен «шығу» бойынша тәртіп оңтайландырылады. Тиісті заң жобасы Парламенттің қарауына енгізілді.

Мемлекеттік бастамалар мен салалық жобаларды іске асыру кезеңінде мемлекеттік органдарға арнаулы білімі бар кәсіби мамандарды тарту үшін келісімшарттық қызметшілерді жалдау мүмкіндігі берілетін болады.

Агенттіктің өңірлік департаменттері өткізетін «Жас мемлекеттік қызметші мектебі» шеңберінде іске асырылатын таланттарды мемлекеттік қызметке тартуды жаңғырту бойынша тәсілдер пысықталды. Осылайша, бірыңғай әдістемелік ұсынымдар әзірлеу көзделеді, оны орындау және іріктеудің жыл сайынғы мерзімдерін белгілеу бойынша тәсілдер жетілдірілмек.

Сондай-ақ, Президенттік жастар кадр резервінің өкілдерін мемлекеттік қызмет жүйесіне және квазимемлекеттік секторға тарту жұмыстары жалғасуда. Бұл жұмысты жүйелеу үшін мансаптық ілгерілеу, дағдыларды дамыту және қызмет тиімділігін бағалау мәселелерін реттейтін мемлекеттік қызметке резервшілерді жалдау алгоритмі әзірленді. Айта кету керек, бүгінгі таңда резервтегі 350 қызметкердің 238-і жұмысқа орналастырылды.

## MEMLEKETTİK ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ РОТАЦИЯЛАУ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

ҚР МҚІА Баспасөз қызметі

Бүгін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде 2022 жылдың бірінші жартыжылдығының жұмыс қорытындысы бойынша мәжіліс өтті.

«Біздің жұмысымыздың негізгі басымдығы – Мемлекет басшысының 2022 жылдың 16 наурызында жария еткен, Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларды сапалы орындау», – деді Агенттік Төрағасы Дархан Жазықбаев.

Бұл ретте Агенттік тарапынан қойылған мақсаттарға қол жеткізу, оның ішінде мемлекеттік қызметтегі кадр потенциалын арттыру үшін мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру, сондай-ақ, практикалық шараларды іске асыру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Бірінші. Мемлекеттік қызметшілерді бағалау.

Бағалау институтын жетілдіру аясында Агенттік оны іске асыру бойынша жаңа тәсілдерді әзірледі. 360 әдісі бойынша құзыреттерді бағалау бұл тәсілдердің жарқын үлгісі

(сауалнама арқылы).

Жаңа тәсілдердің арқасында бағалау барынша жеңілдетіледі және толық автоматтандырылады. Бағалаудың әртүрлі субъектілері (басшылар мен орындаушылар) үшін бағалаудың саралау тәсілдері қолданылатын болады.

Мемлекеттік қызметшілерді бағалауды тоқсан сайынғы негізде жүзеге асыру жоспарлануда, оның нәтижелері меритократия қағидаты бойынша мансаптық ілгерілету кезінде пайдаланылады. Осылайша, қатарынан 4 тоқсан бойы жоғары баға алған қызметшілерді тікелей қызметке тағайындау көзделуде. Белгілі бір қызметкерлерді жылжыту мақсатында бағалау кезінде формализмді болдырмау үшін мұндай тағайындау Агенттіктен келісіледі.

Сонымен бірге, қатарынан 2 тоқсан

қанағаттанарлықсыз баға алған қызметкер лауазымы төмендетіліп, ал бос орын болмаған жағдайда жұмыстан шығарылу мәселесі қарастырылуда.

Екінші. Қызметкерлерді ротациялау. Кәсібилендірудің, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарының алдын алуы маңызды құралдарының бірі мемлекеттік қызметшілерді уақыттылы ротациялау болып табылады.

Міндетті ротация қолданылатын тұлғалардың тізбесі кеңейтілуде. Ротацияға жағатындар қатарына «А» және «Б» санаттары тобының лауазымдары енгізілетін болады.

Бұдан басқа, қызметшінің атқаратын лауазымында болу мерзімдері біріздендіріледі, сондай-ақ басқа жерге ротацияланатын қызметшілер үшін тұрғын үй төлемдері көзделетін болады.

## МҚІА ҚОҒАМДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР MEMLEKETTİK ҚЫЗМЕТТЕРДІ БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗЕТІН БОЛАДЫ

ҚР МҚІА Баспасөз қызметі

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев мемлекеттік органның 2022 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша жұмысын қорытындылады.

Мәжіліс барысында мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту және халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі басымдықтары айқындалды.

«Мемлекет басшысының Жарлығымен Агенттікке жаңа функциялар – мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша мониторинг пен талдау жүргізу, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделеу жүктелді.

Бұл жұмыс арнайы әзірленген әдістемені ескере отырып, денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау салаларында жүргізілетін болады. Талдау жұмысының нәтижелері Президент Әкімшілігіне 2023 жылғы 20 қаңтарға

дейін енгізіледі», – деп атап өтті Агенттік Төрағасы.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңға соңғы түзетулермен «қоғамдық маңызы бар қызмет» деген жаңа ұғым енгізілді, ол үздіксіз негізде жүзеге асырылатын және қоғам өкілдерінің заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталатын болады.

Бұдан былай мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудан бөлек, Агенттік қоғамдық мониторинг шеңберінде қоғамдық маңызы бар қызметтерді бағалап, оларды ұсыну сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар шығарады.

Бүгінгі күні қызмет алушылар тарапынан шағымдарды күтпей, қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуына және бас тарту негіздеріне қашықтықтан мониторинг жүргізу жұмысы оң

нәтижесін көрсетуде. Бұл қызмет алушылардың шағымдарын күтпей-ақ, тиісті шараларды қабылдауда проактивтілік пен жеделдікті қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қорғау мәселесі және ол туралы ақпараттандыру ерекше маңызға ие болып отыр.

Жыл басында 5 мыңнан астам түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарында 50 мыңға жуық түсіндіру плакаттары мен ақпараттық баннерлер орналастырылды.

Нәтижесінде 111 қызмет алушының құқықтары қорғалып, қалпына келтірілді. Бұл өткен жылдың тура осы кезеңімен салыстырғанда 18%-ға (91), ал 2020 жылмен салыстырғанда 42%-ға (64) артық көрсеткіш.

## МҚІА ТӨРАҒАСЫ: «ҚОҒАМ MEMLEKETTİK ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ БОЙЫНАН БІЛІКТІЛІКТІ, ӘДЕПТІЛІКТІ, АШЫҚТЫҚТЫ, АДАЛДЫҚТЫ, АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТ ПЕН ЖОҒАРЫ МӘДЕНИЕТТІЛІКТІ КӨРГІСІ КЕЛЕДІ»

ҚР МҚІА баспасөз қызметі

Бүгін Дархан Жазықбаевтың төрағалығымен ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінде а.ж. бірінші жартыжылдығының жұмыс қорытындысы бойынша мәжіліс өтіп, жиында мемлекеттік қызметті дамытудың өзекті мәселелері пысықталды.

Күн тәртібіндегі маңызды мәселе – әдеп нормаларын сақтау, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Кеңес барысында Агенттік Төрағасы Дархан Жазықбаев «Қоғам мемлекеттік қызметшілерден олардың біліктілігімен қатар әдептілігін, ашықтығын, адалдығын, адамгершілік қасиетін және жоғары мәдениеттілігін талап етеді» деп атап өтті.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылғы қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында, кейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі мәжілісте сөйлеген сөзінде «...мемлекеттік қызмет жүйесін іс жүзінде сервистік және клиентке бағдарланған болуы үшін қайта жаңғырту» қажеттілігін атап өтті.

Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жаңа сын-тегеуріндерді шешу және

редакциядағы Әдеп кодексін қабылдауға себеп болды.

Кодексте адал ниеттілік, адалдық, әділеттілік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарлану іспетті мемлекеттік қызметтің әдептілік қағидаттары айқындалды.

«Бұл ретте «клиентке бағдарланған» мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және мемлекеттік қызметтерді көрсетуде ашықтық қағидаттарын сақтау бойынша басым талаптар қарастырылған», – деп атап өтті Агенттік Төрағасы.

Жиында Әдеп жөніндегі кеңестердің жұмыс қорытындылары айтылды. Әдеп жөніндегі кеңестермен 82 отырыс өткізіліп, онда барлығы 542 мәселе қаралды. Оның ішінде, тәртіптік істер – 189, профилактікалық бағыттағы мәселелер – 321 немесе шамамен 60%. Осылайша, Әдеп жөніндегі кеңестердің қызметі көбінесе этикалық нормаларды

бұзудың алдын алуға және мемлекеттік қызметшілердің заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Осы жұмыстың арқасында әдеп нормаларын бұзғаны үшін жазаланған адамдардың саны жыл сайын азайып келеді. Атап айтқанда, соңғы екі жылда олардың саны 2 есе азайған.

Әдеп жөніндегі кеңестермен 2393 ұсыным енгізіліп және 96% орындалды. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде 1323 азаматтың құқығы қалпына келтірілді. Әдеп жөніндегі кеңестердің ұсынымдары негізінде 32 мемлекеттік қызметшіге қолданылған тәртіптік жазалардың күші жойылды, 63 тәртіптік іс тоқтатылды.

Жұмыс уақытын жүйелі түрде бұзуға жол бермеу жөніндегі жұмыс нәтижесінде 1047 қызметшіге қосымша демалыс сағаттары берілді. Үстем жұмысқа заңсыз тартылған қызметкерлерге 38 млн. теңгеден астам ақшалай өтемақы төленді.

■ ШАХТЕРЛЕР КҮНІНЕ 75 ЖЫЛ!

## ШАХТЕР ЕҢБЕГІНІҢ ЕРЕН МЕРЕКЕСІ

Шапағат ҚОСШЫҒҰЛОВ

ТАМЫЗДЫҢ СОҢҒЫ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ АТАЛЫП ӨТЕТІН КЕНШІЛЕРДІҢ ДӘСТҮРЛІ ДУМАНЫ БИЫЛ 75-ШІ МӘРТЕ ТОЙЛАНБАҚ.



Құрметтің үлкені, мәртебенің жоғарысы осы кеншілерге лайық. Басын бәйгеге тігіп, жеті қат жер астында еңбек көрігін қыздырған олар еңбек емес, ерлік жасап жүр. Шыңыраудан қазына шығарған еңбек майталмандары қандай құрметке болса да лайық.

Ендеше біз бүгін Қарағанды көмір бассейніне қарасты шахталар туралы тілге тиек етуді жөн көрдік. Деректерге жүгінсек, Қарағанды көмір бассейні ендік бағытта 120 шақырымға созылып жатыр, ені орта есеппен – 30 шақырым. Ауданы – 3 600 шаршы шақырым. Көмірлі қабаттың 2000 шаршы шақырым шамасында Г, Ж, К, ОС маркалы тас көмір шығады. Бассейннің орталық және шығыс бөлігіндегі юра қабатында қоңыр көмір бар. Көмір жер асты және ашық әдіспен өндіріледі. Негізгі шоғырланған орталығы – Қарағанды, Саран, Абай, Шахтинск қалалары. Қарағанды көмірін алғаш ашқан Аппак Байжанов 1833 жылы Қарағанды шатқалының, бұрынғы №3 шахтаның (өзге деректерде №1 шахтаның) солтүстік жағындағы қалың бұғалы сайдан беті ашық көмір қабатын табады (жергілікті тұрғындар жер бетіндегі көмірді Соран шатқалынан да тауып жүр). 1917 жылы революциядан кейін көмір қоры мемлекет меншігіне өтіп, Қарағандыға белгілі геолог А. Гапеев бастаған бір топ ғалым мен инженер жіберілді. Олар бассейнді аралап көріп және көмір қабатының орналасуын зерттеп, көмірлі ауданды өнеркәсіптік жолымен қазудың болашағы туралы қорытынды жасайды.

Архив мәліметінде Қарағандыда көмір өндірісінің құрылысымен «Қарағандагипрошахт» жобалау институты айналысқаны айтылады. Институт қызметкерлері жасаған жобамен 90 көмір шахтасы, 10 көмір разрезі, 20 ірі өндіріс ошағы пайдалануға берілді.

Ал, «К» (кокстық) маркалы көмір өндіретін Саран шахтасы 1955 жылы пайдалануға берілген екен. Шахта 1971 жылға дейін №120 шахта деп аталып келді. Аталмыш кен орны «АрселорМиттал Теміртау» АҚ көмір департаментіне кіреді. Қазіргі уақытта шахтаның бас директоры – Глушенко Юрий Александрович.

1931 жылы Үкіметтің «Қарағанды кен орнында КСРО-ның үшінші көмір

базасын құру туралы» Қаулысының шығуы Саранның тыныс-тіршілігіне тың серпін әкеліп, жалпы өмір сүру дағдысын түбірімен өзгерткен екен.

Сол себепті 1945 жылы Саран көмір кен орны қарқынды игеріле бастайды. Саран шахтасы алғаш эксплуатацияға берілген 1955 жылына 900 000 тонна көмір өндіреді деп жоспарланған екен. 1975 жылы шахта өндірісі 1,5 млн-ға жетеді. Ал 1985 жылы 1млн. 262 мың көмір өндіріледі.

Заманында шахта ұжымындағы 35 адам мадақтау ордендерімен марапатталған, оның ішінде Ленин ордені-1, Октябрь көтерілісшілері-2, Қызыл Еңбек ерлері-14.

Шахтаның жалпы ауданы 11,3 шаршы шақырымды алып жатыр, тереңдігі 454–520 м, күніне 4000 тонна көмір өндіре алады. Жоғарыда атап өткеніміздей, шахта «К» (кокстық) маркалы көмірді өндіреді. Көмір өндіру механикалық комплекспен жүзеге асады.

Бүгінде тақыр жерден жарты ғасырдан астам тарихы бар Саран қаласы іргетасын қалады. Сондықтан да әр жылдың тамыз айының соңғы жұлдызында Саран жұртшылығы кең көлемде шахтерлер күнін тойлайды.

Расыммен де, көмір – еліміздің басты байлығы. Тек республиканы ғана емес, кешегі күндері бүкіл КСРО аумағын қара алтынмен қамтамасыз етті. Ел экспортының қайнар көзі де осы байлығымыз дейтініміз сондықтан. Ал осы көмір өндірісінің басы-қасында жүрген шахтерлердің еңбегі ұшан-теңіз. Кеншілердің ауыр еңбегі талай қиындықты жеңіп, өмір мен өлім арасында жүздеген метр тереңдікке түсіп, осы байлықты иегереді. Шахта ішіндегі апаттан қаншама өмір қиылды, қаншама отбасының көз жасы қара жерге төгілді. Сарандықтардың тыныс-тіршілігінің бір бөлігіне айналған қара алтын жылдар көлемінде өз шежіресін де қалыптастыра алды.

Саран шаһарының көмірі – үлкен маңыздылыққа ие кен орны. Қазіргі таңда Сарыарқа төсінде «Арселор Миттал» шахталары, сондай-ақ бұрынғы «Испад-Кармед» шахталары көмір өндірісінің табысын арттырды. Дәстүрлі еңбекке айналған кен өндіру ісін әкелер өз ұлдарына табыстады. Сондықтан, 75 жыл қатарынан атап өтіліп келе жатқан Шахтерлер күні көпшілік үшін тағылымды мереке.

## ШАХТА ИМЕНИ ТУСУПА КУЗЕМБАЕВА: НЕМНОГО ИСТОРИИ

Подготовила Надежда ЦХАЙ

Угольная промышленность — важнейшая отрасль тяжелой индустрии. От количества и качества добытого топлива во многом зависит развитие нашего региона.



Қарагандинский угольный бассейн находится на территории одноименной области Республики Казахстан. Основные центры добычи — Караганда, Сарань, Абай, Шахтинск.

Среди одной из самых знаменитых шахт можно назвать шахту имени Тусупа Кузембаева.

Шахта имени Тусупа Кузембаева — угледобывающее предприятие угольного департамента компании АО «АрселорМиттал Темиртау». До 1971 шахта обозначалась № 23, в 1971—1982 носила название «Михайловская», а с 1982 — современное название. Шахта имени Т. Кузембаева является одним из градообразующих предприятий Сарани. Ранее входила в состав треста «Сараньуголь», в 1970-м вошедшего в состав комбината «Қарагандауголь». В 1970-х и 1980-х годах была неоднократным рекордсменом по добыче угля.

Технический проект шахты был разработан институтом «Қарагандагипрошахт». В 1959 году была сдана в эксплуатацию. В 1971 году шахта № 23 была переименована в «Михайловскую». В 1973 на шахте был установлен всесоюзный рекорд добычи угля — за месяц из 1-й лавы участком № 3 под руководством Отари Ишхнели было добыто 177 тысяч 23 тонны угля. Рекорд продержался 29 лет. В 1979—1981 участок № 1/3, возглавляемый Альбертом Саламатиным (будущий министр промышленности Казахстана и отец экс-министра обороны Украины Дмитрия Саламатина, также работавшим на этой шахте), добывал более 1

миллиона тонн угля ежегодно. Ранее, в 1965-66 на шахте имени 50-летия СССР (до 1971 — шахта № 122), в 1998 вошедшей в состав шахты имени Кузембаева, бригада, возглавляемая Л. Дандзберг, установила на комбайне «Қараганда — 7/15» два мировых рекорда проходки горных выработок.

20 февраля 1982 года шахте было присвоено имя Героя Социалистического Труда, шахтера Тусупа Кузембаева.

По контракту от 26 сентября 1996 года оказалась в числе 15 шахт, переданных в собственность ОАО «Испад-Кармет». В 1998 объединена с шахтой имени 50-летия СССР.

На сегодняшний день на шахте трудится порядка 1200 работников. Действует два добычных участка, пять проходческих бригад. Годовая плановая добыча угля — 1 млн 250 тыс. тонн, плановый годовой объем проходки — 5 км. В прошлом году на предприятии в целях укрепления безопасности работников и охраны труда была установлена система позиционирования.

Шахта имени Тусупа Кузембаева имеет ряд наград. Перечислю лишь некоторые из них: Орден Трудового Красного Знамени (1986), переходящее Красное Знамя ЦК КПСС, Совета Министров СССР, ВЦСПС и ЦК ВЛКСМ (1974, 1978 и 1980), Почётная грамота ВЦСПС (1976), Почётный диплом ЦК Компартии КазССР, Совета Министров КазССР, Казсовпрофа, ЦК ЛКСМ Казахстана (1976).

Только в апреле этого года на предприятии трудоустроились тридцать пять новых работников.

■ 120 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ГАБИДЕНА МУСТАФИНА



# ГАБИДЕН МУСТАФИН: ЯРКАЯ ЖИЗНЬ, ТВОРЧЕСТВО И ЛЮБОВЬ НАРОДА

Подготовила Надежда ЦХАЙ

«Я писал правду и только правду».

Г. Мустафин



Творчество Габидена Мустафина – народного писателя нашей страны – это яркое литературное наследие XX века. Он один из тех классиков, кто сохранил золотую эпоху отечественной литературы.

Габиден Мустафин родился 26 ноября 1902 года.

Его произведения отражают судьбу родного народа, наполненную драматическими событиями, в непростое время.

Книги Габидена Мустафина включили в себя богатые картины, изображающие перипетии жизни отдельного человека, тонкие наблюдения художника над психологическим портретом личности, с другой стороны нельзя не заметить влияние идеологии, которую проводит автор в своих произведениях. Главным учителем писателя была сама жизнь. К каждому своему труду он подходил крайне ответственно. Писал о жизни, писал честно. Вся его самобытность, характер и аккуратность отражалось в его творчестве. «Отец был очень простым человеком. И его простота многих ошеломляла. Он был доступен для всех, с интересом и на равных общался с чабанами, с шахтерами, с министрами, академиками. Он как будто тысячу лет знал даже случайного своего попутчика. Чего-то показного в нем не было ни единого грамма. Спокойный, даже немного флегматичный, и весь как на ладони. Открытость, честность и простота – главные черты его характера», – так описывает его дочь, известный офтальмолог, профессор Жанар Габиденовна Мустафина.

«Особенность творчества Габидена – с самого первого ответственного шага он писатель, нашедший свою жилку, точно выбравший свою тему (путь)», – так оценивает его сам Мухтар Ауэзов. Для Габидена Мустафина писательское искусство было святым делом. Пустые истории не ложились сюжетом в его произведения.

По мнению Габидена Мустафина требования к писательству должны быть самыми высокими, без этого браться за литературу нельзя. «Настоящий писатель должен трезво оценивать свое творчество. Где надо плакать, автор должен в одиночестве пролить слезу, где радостно, подобно ребенку порадоваться от души.

Если труд твой не вызывает в тебе душевный трепет, то и читателя оно не тронет. Если ты не мучаешься в поисках правильного слова, правильной мысли, не испытываешь счастье при законченной работе, то стоит ли браться за перо?», – говорит мудрец. По его мнению, истинный писатель, ценится полезностью своего произведением.

Габиден Мустафин родился в Сартобе, что находится на берегу реки Нура, в Карагандинской области. Родные края вдохновляли писателя, он тепло отзывался о них в лирическом очерке «Тұған жерде» («На родной земле»): «Древняя земля ласкает твой взор. Все здесь знакомо. Все смотрит на тебя и веет теплом. Здесь ты скакал верхом на палочке, делал лук из гибкого тальника. Вот вытоптанная поляночка, где играли в асыки, а вот тут справляли свадебные пиры, приезд невесты, скачки с копаром. Вот место состязаний борцов – все напоминает о далеком месте и как будто улыбается тебе».

Мальчику повезло, и он кроме казахского языка выучил русский язык. Но доступ к этим знаниям появился только после тяжелых для жителей Сартобе испытаний. В связи с переселением крестьян из России, казахи тоже были вынуждены уйти из родных мест – в 1907 году шестьдесят семей рода Елибай покинули свои дома. Они переселились в Кокталжарык, что находился восточнее Спасского завода, который сыграл потом свою роль в жизни писателя.

Родную грамоту Габиден Мустафин освоил благодаря аульному мулле. Он также познакомился с табельщиком при Спасском заводе, который помог ему выучить русский язык. Благодаря этому мальчик получил возможность обучаться в русско-казахской школе. Мустафин был старательным и способным учеником, но при этом он успевал подружиться с другими учениками разных национальностей. В школе открыто проявилась его большая тяга к знаниям, любовь к книгам. Мустафин всю жизнь занимался самообразованием.


Надежды Габидена Мустафина не оправдались, поступить в учебное заведение сразу не получилось. Все же писатель получил богатый жизненный опыт другим путем. Он устраивается регистратором в Верховный суд, где не только выполняет свои основные обязанности, но и наблюдает за разными людьми, постигает книгу жизни через истории различных судеб.

Его творческий путь начался с коротких публицистических жанров: заметок, фельетонов, очерков в газете «Енбекші казак». Вскоре он пишет свой первый рассказ «Сарсен и Бокаш», который был опубликован в 1927 году в журнале «Перелетные птицы», через два года выпускает первый сборник рассказов «Ер-Шойын».

В 1933 году Карагандинский Совет назначил токаря Мустафина ответственным секретарем редакции горячковой газеты «Пролетариат Караганды». Скоро по работе он был переведен в Новосибирск, где занимался газетой «Кзыл-Ту» на

казахском языке. Постепенно работа в журналистике способствовала созданию серьезных прозаических произведений.

В 1938 году Г. Мустафин живет в Алма-Ате, где работает в редакции литературно-художественного журнала «Эдбиет майданы», а позже становится его главным редактором. В этом городе в 1940 году вышел первый роман Мустафина «Жизнь и смерть», в котором писатель отразил развитие индустрии в Караганде и ее постепенное превращение в масштабную угольную кочегарку. После этого выходят еще несколько романов «Шиганак» в 1945 году. «Миллионер» 1948 года занял видное место в ряду произведений казахской литературы – за него автор получил премию Жамбыла. В книге раскрывается тема колхозного аула, который относится к колхозам-миллионерам. Роман «Караганда» демонстрирует рост человека, то, каким образом может сформироваться новое сознание, другой тип мышления.



## Интересные факты:

*В романе «После бури» писатель широко использует народный фольклор. Пословицы, крылатые фразы искусно легли в сюжеты романа. А широкую известность писателю принес роман «Шиганак». В образе Шиганак сконцентрирован весь трудящийся казахский народ. Судьба земледельца, рабочего трогает читателя своей глубиной. Роман «Шиганак» выходит в свет в 1945 году. Это был для Габидена Мустафина по-настоящему годом Победы. Но беспощадные руки цензуры не погладили по головке за хороший труд. Как только роман был издан все газеты республиканского масштаба наперебой печатали статьи критики. Большинство не хотело признавать новизну в произведении, мало того людям хотелось опровергнуть правильности идеи романа. При издании романа «Караганды» также разразились дискуссии и выход книги в печать был приостановлен. Роман хотели исказить, заставить переписать, но писатель настоял на своем, и книга о жизни шахтеров издается. А роман «Миллионер» вызвал настоящую бурю не только на территории советского союза, но и за пределами страны. «Миллионер» сделал Габидена по-настоящему*

*миллионером: миллионные читатели и друзья, из разных уголков планеты познакомились трудящимся казахским народом.*

Период новой экономической политики зафиксировал писатель в романе «После бури» 1959 года. Основная проблематика романа заключается в том, что бывшая до революции аульная элита, включавшая баев, волостных управителей, биев, усмотрела в новой политике прежние веяния и стала притеснять бедное население. Но их действия были разоблачены, колесо истории невозможно повернуть в обратную сторону.

## Габиден Мустафин: друзья и современники

Габиден Мустафин и Габит Мусрепов были друзьями и близким по духу писателями. Их соединяли крепкие дружеские и братские узы. Совпадение или не случайность мэтры Габиден и Габит родились в один год, и ушли в иной мир почти в одно и то же время.

Писатели, гиганты внесли свой вклад в развитие советской отечественной литературы. Они в разные годы возглавляли Союз писателей, шли вместе с творчеством по жизни. Разные, но такие родные.

В 1985 году, кончина Габидена Мустафина, товарища, друга сильно потрясла, подкосила Габита Мусрепова, который ушел в тот же год.

Последнее обращение писателя вроде письма вышло в свет в 1985 году в альманахе «Жалын». В нем Габиден Мустафин обращается к молодому поколению. «Милые мои! В этом году мы с Габитом сели в забкую телегу старости, где надеждам и будущему нет места, нам уже по 83 года. Большая часть этого долгого жизненного пути, тех лет, полных зигзагов и перепутья, горести и радости, пронизанные борьбой и стремлением, были посвящены литературе. Впереди малая толика скудных дней. Помнится, недавно Габит в шутку сказал: «Прожить бы нам еще пару лет?» Кто знает, что нам суждено еще? Хочется еще пожить, познавать жизнь, созерцать...». «Есть великое качество, которое делает человека человеком, это – стыдливость. Терпение, совесть, честь, стыдливость, учтивость – те качества, которые не могут быть друг без друга...».

В этом своем последнем напутствии, писатель затрагивает тему, касающегося казахского воспитания. По мнению мыслителя, такие понятия как обал (грех), ракам (милосердие), иба (учтивость), канагат (довольство), борыш (долг) – это те священные составляющие человечности, которые не должны утрачивать свою силу.

В послесловии аксакал говорит: «Молодежь! Мы возвращающиеся из торжества жизненного пути, а вы только собрались в путь. Жизнь скоротечна. Через 15 лет вы вступите новый XXI век. Самое бесценное, что вы можете унести собой туда это – доброта, милосердие и довольство малым!».

Габиден Мустафин является видным казахским писателем, его произведения отражают важный этап в истории нашего народа, поэтому его труды нужно рассматривать не только с точки зрения литературной, но и с позиции исторической науки.

**ПОНЕДЕЛЬНИК 8 августа**

